

Кемел ағаны кеңінен тани түстік

Ұзақ жылдар тележурналистика саласында еңбек етіп, соның қыр-сырын жетік меңгеріп, мәнді, мағыналы туындыларымен көптің көңілінен шығып жүрген талантты інім, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Махат Садықтың майдангер жазушы Кемел Тоқаев жөнінде түсірген деректі фильмін көріп төрең ойға қалдым. Уақыт алыстаған сайын таудай тұлғалардың сан тарау қырлары, жарқын келбеті жарқырап ашыла түседі екен.



Кеше ғана Жазушылар одағында бірге қызмет еткен Кемел ағаны толық танып білмеген екен-біз. Қысқа өмірде адам жанын зерттеп, түсіну кейде тіптен мүмкін емес сияқты. Бір қарағанда өте карапайым, шынышыл, көп ашыла бермейтін ағаның тауқыметті тағдыры, ішкі жан азабы, ғұмырлық философиясы өте тереңде көрінеді... Біз Кемел Тоқаевты шебер журналист, қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының негізін қалаған қабырғалы қаламгер ретінде таныдық.

«Ер – елдің қорғаны, намыс – ердің қорғаны» дейді дана халқымыз. Көненің көзі, әкесі Токаны артында қалған жалғыз тұяғы, жазушы Кемел Тоқаев шанында да кесек тұлға еді. Өмір дариясына салған қайығын аласұрған тағдыр толқыны асықтай іріп, оңды-солды қанша лақтырса да жанын таза, жүрегін жылы, арын биік ұстай білген азамат. Өзінің ауыр да қасіретті өмір жолында қаламына сүйеніп өтті. Шығармаларына тұтас ұлттың тағдырын арқау етті. Өйткені ұлттың басына төнтен қасірет елін сүйген кез келген азаматты айналдыр өтпесі белгілі.

1932 жылдағы ашаршылық Тоқаевтың да айналасын көктей орып, тып-тыпыл отап кеткен. Зұлмат жылдар жас Кемелге жетімдік зарын барынша тарттырады. Ағасы Қасым екеуі Түркістандағы балалар үйін пана тұтады. Жығылған үстіне жұдырық дегендей, соғыс қасында қалған ізмен майданға аттанған Кемелдің өзі де қанқұйлы соғыстың бел ортасында жүріп, талай ерлік көрсетіп, ауыр жараланады. Майданнан оралған соң да қоғамдық қызметке белсенді араласып, әдебиет әлемінің киелі есігін еркін ашып кіреді. Махат осынау күрделі тағдырды арқалаған кесек тұлғаны шеберлікпен жарты сағаттық фильмге сыйғыза білген. Аз сөзбен, көп ойландырады. Кемел ағаның кеңістігін Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов, Қазақстанның халық жазушылары Мұсафар Әлімбаев, Әзілхан Нұршайықов, еңбек ардагері, жазушының замандасы Баймырза Дәуренбеков, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әкім Тарази,

философия ғылымдарының докторы, профессор Әблеш Қалмырзаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қоғабай Сәрсекеев сынды белгілі тұлғалардың пікірлері арқылы жарқырата ашқан.

Жазушының өмір жолындағы айқын іздері «Солдат соғысқа кетті», «Соңғы сокқы», «Ұядан безген құс», «Сарғабанда болған оқиға», «Танбалы алтын», «Түнде атылған оқ», «Тасқын», тағы басқа шығармаларында сайрап жатыр. Өз бетінше білім алып, өмірдің талай қиын-қыстау өткелінен өткен Кемелдей кен тынысты қаламгердің шытырман оқиғаларға толы, шұрайлы тілді, шырайлы келбетті шығармалары күн өткен сайын жас ұрпақты адалдыққа, батылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелей беретіні сөзсіз.

Әсілі, детектив жанрындағы шилеленісті шығарманы жазу үшін қырандай қырағылық, қасқырдай қайсарлық, шынайы шеберлік қажет. Қайсар қаламгердің кітаптарын қайта қолға алғанда, сұрпыл соғыстың ішінде жанында бірге жүргендей күй кешесің, өзімен жұта тілдесесің.

Соғыс көріп, балалық шағы жетімдік пен жоқшылықта өткен қатал тағдыр Кемел ағаның сағын сындыра алмады. Керісінше, төске салған шарболаттай шындап шығарды. Жанына ауыр жара салса да асыл мұратынан тайдыра алмады. Отан үшін адал перзент, отбасы үшін аяулы жар, ұрпақ үшін үлгілі аке бала білген үлкен жүректі жайсаң ағаның өмір жолы артында үрім-бұтағы барда, қара ормандай қазақ халқы барда жылдармен бірге жалғаса бермек...

Осындай парасаты биік тұлғаның нарқын асырып, паркын білер Махаттай талантты бауыра алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Ұлтының азаттығы жолында күрескен ардагер ағалардың азаматтық қасиеті, асқақ абыройы кейінгі інілеріне жұғысты болғай!

Нәсіпбек АЙТҰЛЫ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Нур Отан партиясы мен Нұр-Сұлтан қалалық әкімдігінің қолдауымен елордада жыршы-термешілердің Jyr-amanat концерт-спектаклі өтті. Жыршылық дәстүрді кеңінен насихаттап, ата-бабадан жеткен асыл мұраны жұртшылыққа боямасыз жеткізуді мақсат еткен бұл кеште өліміздің әр аймағындағы жыршылық дәстүрдің өкілдері өнер көрсетті. Атап айтқанда, «Жетісу», «Маңғыстау», «Қаратау», «Арқа», «Атырау-Жайық», «Сыр елі», «Ақтөбе» жыршылық дәстүрінің өнерпаздары ұлттық өнерімізге шөліккерген қалың көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Елордада – Jyr-amanat

Эльмира ЖАҚСЫБАЙҚЫЗЫ

Қазақы жыр мен дәстүрлі музыканың ғажайып кешін ашқан Нур Отан партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Байбек жиналған жұртшылықты алдымен Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады.

— Бұл шараның осы мерекеге орайластырылуында мән бар. Өйткені бағыздан жеткен жырларда ата-бабамыздың арманы мен ансары, азаттық, елдік идеялары, келер ұрпаққа аманаты жатыр. Дәстүрлі өнеріміз сан ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесіне қызмет еткен. Сондықтан да Тәуелсіздіктің алғашқы сәтінен-ақ Елбасы — Нур Отан партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев ұлтымыздың ұлы мұрасын, озық дәстүрі мен мәдени қазынасын түгендеуге, оларды заманға сай түлетіп, жаңғыртуға ерекше ден қойды. Халықтың партиясы ретінде Нур Отан да ұлттық құндылықтарымызды доріпттейтін іс-шараларды қолдап, оның насихатталуы мен дамуына барынша үлес қосып келеді. Кеше ғана ұлттық спорт саласының үздіктері марапатталған «Алтын тұғыр» сыйлығын табыс еттік. Ұлтымыздың тілі мен ділі, мәдениеті мен спорты, ән-күйлері мен жауһар жырларының халқымыздың рухы мықты болмақ емес. Біз болашақта үлкен жетістіктерге жетеміз десек, ұлттық құндылықтарымыз арқылы халқымыздың рухын көтеріміз керек. Бұл бағытта Президент Қасым-Жомарт Тоқаев нақты тапсырмалар берді. Еліміздің басты саяси ұйымы — Нур Отан партиясының доктринасында қамтылған басты құндылықтарымыздың бірі — отбасы мен дәстүр. Онда «қазақ тілін, мәдениет пен дәстүрді



дамыту біздің стратегиялық бағытымыз» екендігі нақты көрсетілген, — деп атап өтті Бауыржан Байбек.

Нур Отан партиясының Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов өзінің құттықтау сөзінде терме мен жыр кешіне келіп, ұлттық өнерді қолдаған қауымға алғыс білдірді.

— Тұңғыш Президент — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи шешімінің арқасында бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы жарқырайды — бір қала» тақырыбында ұйымдастырылған «Мирас» республикалық қоғамдық кенесі мүшелерінің бастамасымен мемлекеттік тілді дамыту тетіктерін пысықтау үшін арнайы комиссия құрылған болатын.


Отырмыз. Қазіргі уақытта Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет саласына, ұлттық құндылықтарымызды қолдауға жағдай жасап, біздің алдымызға нақты міндеттер қойып отыр, — деді Алтай Көлгінов.

Jyr-amanat жыршы-термешілер кеші тұңғыш рет ерекше форматта өтті. Жыр кеші концерт пен спектакль жанрын үйлестірді. Келер жылы Jyr-amanat концерт-спектаклі партияның қолдауымен Нұр-Сұлтан қаласы күніне орай «Есілдің жағасында жарқырайды — бір қала» тақырыбында ұйымдастырылмақ.

Айта кетейік, күзде Нур Отан партиясының қолдауымен еліміздің бірқатар өңірінде айтыс фестивальдері ұйымдастырылды. Айтыс өнеріміз додасы 16-17 желтоқсанда Орал қаласында өтетін «Алтын домбыра» республикалық фестивалінде мәресіне жетеді. Нур Отан партиясының жанындағы «Мирас» республикалық қоғамдық кенесі мүшелерінің бастамасымен мемлекеттік тілді дамыту тетіктерін пысықтау үшін арнайы комиссия құрылған болатын.

Қолжазба – ғасырлар руханияты

Көне ғасырдың ғасырлық мұрасы болған — қолжазба әр елдің сан ғасырлық рухани, саяси өмірінен, мәдениеті мен тарихынан мол мағлұмат беретін асыл мұрасы екендігіне ешкім да тудырмайтыны анық. Өйткені сирек кездесетін қолжазбалар мен алуан түрлі сирек басылымдардың түпнұсқалары — бағзы заманнан бүгінге дейінгі ұзақ тарихи мерзімді қамтитын, әртүрлі тілдерде жазылған баға жетпес, құнды жәдігердің бірі.



Елбасы Н. Назарбаевтың қолдауымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасында: «Мәдени мұра — орны толмас құнды рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік қазына. Мұра — осы заманғы ғылым, білім мен мәдениеттің қайнар көзі. Бұл, табиғи байлықтарымен қатар, ұлттық өзіне-өзі сыйлауы мен әлемдік қоғамдастықты мойындатуына басты негіз саналады. Ұлттық руханияты халықтың жалынды жаңғыруы үшін қолжазба мұралары асыл қазына ретінде сақталуы тиіс» делінген. Осы орайда, Мәдениет және спорт министрлігінің жүзеге асырған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында отандық және шетелдік архивтерден қазақ тарихына қатысты мұраларды жинау және оны сұрыптау жұмыстары атқарылды. Осы бағытта шағатай, парсы, қытай, араб, моңғол, түркі, орыс және т.б. тілдерде жазылған қолжазбалар мұрасының көшірмелері екілдіні. Ел тарихына қатысты мыңдаған архивтік құжаттар алынды. Архив қызметкерлері мен ғалымдар аталған бағдарлама аясында АҚШ, Ұлыбритания, Түркия, Франция, Венгрия, Қытай Халық Республикасы, Ресей, Армения, Өзбекстанның мемлекеттік архивтерінен, ғылыми мекемелерінен, музей және кітапханаларынан қазақ халқының тарихынан сыр шертетін құжаттық деректермен және қолжазбалардың көшірмелерімен еліміздің архив қорын толықтырды. Шетелдік архивтер, кітапханалар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің сирек қолжазбалар бөлімдерінен 35 мыңнан аса тарихи құжаттар анықталып, біраз бөлігін көшірмелері алынған. Бұл құжаттардың басым бөлігі Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік архив қорында жинақталған. Осылайша, алыс-жақын шетелдерден Орта Азия мен Қазақ еліне қатысты құнды жәдігерлердің жиналуы

тарихымызды тереңірек білуге зор мүмкіндік туғызғаны анық.

Жазба ескерткіштерді түгендеу, сақтау, қатарын толықтыру күн тәртібінен түскен емес. Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан—2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» деп тарихымызды түгендеуді мемлекеттік деңгейдегі аса маңызды іс екенін көрсетті. Осы бағытта шығыстанушы ғалымдардың жетекшілігінде Қазақстан тарихы туралы түркі, араб, парсы, орыс, қытай, моңғол тілдерінен аударылған деректемелер сериясымен қоса, 2011 жылдан бастап Алматы қаласында «Қазақ қолжазбалары» және түркі және қазақ жазба әдеби мұралары (б.д.д. IX ғ. бастап — XX ғ. дейін) атты 10 томдық басылым жарыққа шықты. Бұл басылым «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары негізінде халық назарына ұсынылды. Белгілі ғалым, профессор Т. Жұртбай: «Қазақ руханиятының қайнар көзі өзінің ұзақ тарихында 16 кәріпті қабылдаған көне түркі дәуірінен бастау алатын қазақ жазуының, қазақ жазба және әдеби тілінің алғашқы үлгілерінен бастап ХХІ ғасырға дейінгі аралықта біртұтас қазақ мәдениетін қамтитын қолжазба деректерді жинақтап, ұлттық рухани мұраларды ғылыми жүзеге түсіру, сол арқылы қазақтың ғылыми көркем ойлау жүйесінің қалыптасу жолын көрсету» деп жазды.

Әлемдік орта ғасыр әдебиетіне екі ірі шығарма қосқан Мырза Хайдар Дулатидің де түркі тіліндегі «Жаһаннама» атты поэмасы мен парсы тіліндегі «Тарих-и Рашиди» (1499-1551 ж.ж.) бар. Осы аталған шығармалардың қолжазба нұсқалары шетелдік мұрағаттарда сақталуы. Мысалы, «Тарих-и Рашидидің» Британия мұражайында, Тегеран университетінің кітапханасында, Ташкенттегі Ә. Бируни атындағы

шығыстану институты қолжазбалар қорында, Душанбе жазба деректер институтындағы қолжазба қорында, Мәскеу қаласындағы Азия халықтары институтының шығыс әдебиеттер бөлімінде, Ресей Ғылым академиясының Санкт-Петербург қаласындағы шығыстану институтының қолжазба қорында парсы және түркі тілдеріндегі бірнеше қазақ жазба нұсқалары сақталуы. Ал Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасы жалғыз қолжазба нұсқасында Стамбұлдың Ұлттық кітапханасында тұр. Мұны айтып отырғанымыз, бүгінгі Қазақстанның қоғамдық өміріндегі түбірлі өзгерістер, ең алдымен өзінің төл тарихын танып, өткеннің тағылымды тұстарын білгісі келген азат ойлы қазақ қоғамының қажеттілігін туды деп қабылдауымызға болады.

Көне Қазақстан территориясында дүниеге келген жазба мұраларды шығыстанушы ғалымдар зерттеп, іргелі еңбектер қалдырды. Соның бірі «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» деп аталатын 10 томдық басылым 1975-1989 жылдар аралығында жарық көрген. Жинақта Орталық ғылыми кітапхана мен Әдебиет және өнер институтында сақталған қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы берілген. «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» енген шығармалардың басым көпшілігі қазақ халқының арғы-бергі өмірінен алынса, біразы шығыс халықтарының шығармаларынан қамтылды.

Қазіргі таңда Елбасы Н. Назарбаевтың: «Ұлы даланың

В. Бартольд, Н. Пантусовтың еңбектерін топтамасы сақталғандығы да айтылады. Сонымен қатар Ұлттық кітапхананың «Қолжазбалар және сирек кітаптар» қорында 2008 жылдан бастап парсы тіліндегі қолжазбалардың каталогі жасалған. Белгілі шығыстанушылар С. Абдулло мен С. Бақир Камаледдин әр қолжазба ғылыми тұрғыда бағасын беріп, сипаттау, талдау жұмыстарын жасаған.

Сирек кітаптар мен қолжазба мұраларына байланысты әлемдік деңгейдегі ең бай қолжазба қоры сақталған елдің бірі — көршілес Өзбекстан. Ондағы Әбу Райхан әл-Бируни атындағы Шығыстану институтының қорында 40 мыңнан астам шығармалар тұратын 18 мың томдық қолжазба бар. Бұл институттың негізгі саласы қолжазба қорымен тығыз байланысты. 2000 жылы аталмыш институттың қолжазба қоры мен «ЮНЕСКО» мәдени мұра тізіміне енгізілді. Әбу Райхан әл-Бируни атындағы Шығыстану институтының мұраларына байланысты қоры секілді өз қорын майлайтып, одан әрі дамыту міндеті тұр.

Еліміздің тарихынан сыр шертетін сирек кітаптар мен қолжазбалар мұрасын жинақтап, ғылыми тұрғыда айналымға енгізуді мақсат еткен «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» алдында болашақта Өзбекстандағы Әбу Райхан әл-Бируни атындағы Шығыстану институтының мұраларына байланысты қоры секілді өз қорын майлайтып, одан әрі дамыту міндеті тұр.

«Ұлы даланың жеті қырында» қойылған міндеттерінен үнсіз жатқан төл тарихымызға ғылыми әлеуетті жумылдары қажет. Оның екі басты себебі бар: біріншіден, 30 жылға жуық уақыт аралығында Тәуелсіз Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласы тарихи-мәдени және білім мен ғылымның әлеуетін айшықтайтын ордаға айналды. Осы

бағытта Нұр-Сұлтан қаласында жазба жәдігеріне бай кітапханалар, архивтер, музейлер, ғылыми-зерттеу орталықтары, жоғары оқу орындары жұмыс істейді. Демек, жазба мұралардың шоғырланған жері ретінде Нұр-Сұлтан қаласында Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының болуы өте тиімді деп санаймыз. Екіншіден, бұл қара шаңырақта жазба ескерткіштерді жинақтауға, зерттеуге мүмкіндік беретін электронды оқу залы, көрме залы, қалпына келтіру және бұлудан қорғау зертханалары мен ғылыми жұмыстарды үйлестіру бөлімі бар.

Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында өзіміздің ұлттық коддымызды, мәдениетімізді сақтаудың маңызды айтқан болатын. Осыған орай, ел тарихынан сыр шертетін сирек кітаптар мен қолжазба мұраларын көзіміздің қара шынысында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалдыру мақсатында төмендегідей ұсыныстар жасаймыз: біріншіден, республикамыздың әр облас өңірлерінде бұрыннан құрылған сирек кітаптар мен қолжазбалар орталықтарын бірізділікпен орталықтандыру; екіншіден, алыс-жақын шетелдердегі және еліміздегі академиялық кітапханалар мен ғылыми орталықтарындағы сирек кітаптар мен қолжазбалар қорының көшірмелерін жинақтап, орталықтандыру; үшіншіден, «Мәдени мұра», «Халық — тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламалары бойынша жинақталған құжаттардың көшірмесін алу; төртіншіден, әлемдік деңгейдегі қолжазба орталықтарының бай тәжірибесін басшылыққа ала отырып, қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығын әлемдік деңгейге көтеру; бесіншіден, осы мақала аясындағы жоғарыда аталған ойлар мен мәселелер бойынша отандық ғалым-профессорлардың, зерттеушілердің, сала мамандарының тұжырымды пікірлерін ортаға салып, қоғамдық ой-пікірді туғызу. Өзіміздің дәстүрімізді болашақ ұрпақтың санасына сіңіру арқылы бәсекеге тәуелсіздігіміз керек. Осы орайда, «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» деген аталы сөздің де алар орны ерекше болмақ.

Нұрлан ЕРЕЖЕПОВ,
Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы директорының міндетін атқарушы